



«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының 2025 жылғы «28» наурыздағы шешімімен бекітілген (28.03/2025ж. № 9 хаттама)

«Самұрық-Энерго» АҚ Климаттық корпоративтік басқару саясаты

Құжат несі	«GR және Заңнамалық бастамалар» департаменті
Редакциясы	1
Жыл	2025

Астана қ.

	«Самұрық-Энерго» АҚ Климаттық корпоративтік басқару саясаты	1 редакция
		7 беттің 2 беті

Мазмұны

1. Мақсаты және қолдану саласы.....	3
2. Терминдер мен қысқартулар.....	3
3. Жалпы ережелер.....	4
3.1. Қоғам турал.. ..	4
3.2. Миссиясы.....	4
3.3. Қағидаттары.....	4
4. Климаттық корпоративтік басқару саласындағы міндеттемелер.....	4
5. Жауапкершілікті бөлу және өзара іс-қимыл формалары.....	6
6. Нормативтік сілтемелер.....	6

	«Самұрық-Энерго» АҚ Климаттық корпоративтік басқару саясаты	1 редакция
		7 беттің 3 беті

1. Мақсаты және қолдану саласы

1.1. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның осы Климаттық корпоративтік басқару саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Самұрық-Энерго» АҚ-ның климаттық тәуекелдерді және мүмкіндіктерді басқару, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді азайту саласындағы қағидаттары мен міндеттемелерін айқындайды.

1.2. Осы Саясат «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2024–2033 жылдарға арналған даму стратегиясына, Тұрақты даму жөніндегі нұсқаулыққа және Қазақстан Республикасының қолданылатын заңнамасына, сондай-ақ төмендегідей халықаралық нормалар мен ұсынымдарға сәйкес әзірленген:

- Париж климаттық келісімі;
- БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары;
- БҰҰ Жаһандық шарт қағидаттары;
- TCFD ұсынымдары;
- GRI тұрақты даму саласындағы есептілік стандарттары.

1.3. Осы Саясат Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері мен еншілес және тәуелді ұйымдарына қатысты қолданылады.

2. Терминдер мен қысқартулар

Термин Қысқарту	Анықтама
CDP	Carbon Disclosure Project (орыш. – Көміртекті есеп беру жобасы)
GRI	Global Reporting Initiative (орыш. – Жаһандық есеп беру бастамасы)
Scope 1, 2, 3.	Кәсіпорындардың парниктік газ шығарындыларын жіктеу үшін қолданылатын санаттар. Scope 1: кәсіпорын меншігіндегі немесе бақылауындағы көздерден тікелей шығарындылар. Scope 2: сатып алынатын электр энергиясын, буды, жылуды және салқындатуды өндіруден жанама шығарындылар. Scope 3: кәсіпорын қызметінен туындайтын басқа жанама шығарындылар, бірақ бұл шығарынды көздері кәсіпорын меншігінде немесе бақылауында емес.
TCFD	Task Force on Climate-related Financial Disclosures (орыш. – Климатқа байланысты қаржылық ақпаратты ашу жөніндегі жұмыс тобы)
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжат
ЕТҰ	«Самұрық-Энерго» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдары
Қоғам	«Самұрық-Энерго» АҚ
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ІІГ	Парниктік газдар
Декарбонизация бағдарламасы / энергияға көшу бағдарламасы	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2060 жыылғы дейінгі энергетикалық көшу бағдарламасы

	«Самұрық-Энерго» АҚ Климаттық корпоративтік басқару саясаты	1 редакция
		7 беттің 4 беті

3. Жалпы ережелер

3.1. Қоғам туралы

«Самұрық-Энерго» АҚ – Қазақстанның барлық салаларының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін жоғары тиімді энергиямен қамту жүйесін қалыптастыруға бағытталған, көпсалалы ірі электр энергетикалық холдинг. Негізгі қызмет бағыттары: электр және жылу энергиясын өндіру; электр энергиясын беру, тарату және сату; энергетикалық көмір өндіру.

Қоғам электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты үйлестіре отырып жүзеге асырады және генерациялық қуаттарды жаңғырту, қайта құру және салу арқылы елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Қоғам өз қызметінің барлық түрлерін жүзеге асыру барысында климатқа әсерді азайту жөніндегі талаптарды белгілейтін, Қазақстан Республикасында ратификацияланған және (немесе) қолданылатын ұлттық және халықаралық құжаттардың ережелерін басшылыққа алады.

3.2. Миссиясы

Біз елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, тұрақты даму қағидаттары мен ресурстарды тиімді басқару ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, жедел энергетикалық көшу процесіне үлес қосамыз.

3.3. Қағидаттары

Қоғам климаттық корпоративтік басқару саласында келесі қағидаттарды ұстанады:

- **Жауапкершілік:** Қоғам климаттың өзгеруі мәселесін шешуге қосатын үлесі үшін жауапкершілікті мойындайды және қоршаған ортаға теріс әсерді азайту жөнінде нақты шаралар қабылдайды.
- **Ашықтық:** Қоғам климаттық басқару саласындағы қызметі туралы ақпаратты ашық әрі мөлдір түрде жариялауға ұмтылады.
- **Тұрақтылық:** Қоғам тұрақты даму қағидаттарын өз стратегиясына және операциялық қызметіне біріктіреді.
- **Өзара іс-қимыл:** Қоғам климаттық басқару саласындағы ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін мүдделі тараптармен өзара ынтымақтастық орнатады.
- **Хабардарлықты арттыру және оқыту:** Қоғам қызметкерлердің хабардарлығын үнемі арттыруды және климаттық басқару саласында біліктілікті жетілдіруге ұмтылады.

4. Климаттық корпоративтік басқару саласындағы міндеттемелер

«Самұрық-Энерго» АҚ климаттық өзгерістерге ден қою және тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу бағытында келесі міндеттемелерді өз мойнына алады:

- **Климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді бағалау:** Қоғам климаттың өзгеруімен байланысты әлеуетті тәуекелдер мен міндеттемелерді мойындай отырып, өз стратегиясының әртүрлі климаттық сценарийлер жағдайындағы тұрақтылығын жүйелі түрде талдайды. Декарбонизация сценарийлері аясында климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерге тұрақты түрде бағалау жүргізіледі.

- **Бағдарламаларды әзірлеу:** Қоғам Париж климаттық келісімі негізінде декарбонизация бағдарламасын (Энергетикалық көшу бағдарламасы) әзірлеп, жүзеге асырады.

- Бұл бағдарлама Қоғамның климатқа әсерін азайту жөніндегі орта және ұзақ мерзімді мақсаттарын белгілейді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді.

- **Парниктік газдар шығарындыларын азайту:** Қоғам өзінің қызметі шеңберінде парниктік газдар шығарындыларын қысқарту шараларын қабылдайды. Атап айтқанда, энергия тиімділігін арттыру, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану және өндірістік процестерді оңтайландыру.

- **Климаттық өзгерістерге бейімделу:** Қоғам өз қызметіне ықпал етуі мүмкін климаттық өзгерістерге бейімделу бойынша шараларды әзірлеп, іске асырады.

- **Мүдделі тараптарды ақпараттандыру:** Қоғам климаттық басқару саласындағы қызметі туралы мүдделі тараптарды хабардар етіп отырады, оның ішінде интеграцияланған жылдық есептерді жариялау арқылы.

- **Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік:** Қоғам климаттық басқару саласында ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін мүдделі тараптармен ынтымақтастықта жұмыс жүргізеді.

Осы қабылданған міндеттемелер аясында:

Қоғам жыл сайын тәуекелдерді анықтау және бағалау рәсімін жүргізеді. Бағалау нәтижелері бойынша стратегиялық, қаржылық, операциялық және құқықтық тәуекелдерді қамтитын Консолидацияланған тәуекелдер тізілімі қалыптастырылады. Стратегиялық тәуекелдердің қатарында Қоғам «Климаттық физикалық» және «Климаттық өтпелі» тәуекелдерді, олардың ішкі және сыртқы факторларын, ықтимал салдарларын және оларды азайту шараларын айқындайды.

2024 жылғы 18 қарашада (№16/24 хаттама) Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2060 жылға дейінгі Энергетикалық көшу бағдарламасы бекітілді. Бұл құжат көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу жолдарын, қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттарды, климаттық тәуекелдер мен мүмкіндіктерді сипаттайды және талдайды, сондай-ақ Score 1, 2, 3 шеңберінде парниктік газдарды есептеу ниеттерін бекітеді.

Қазақстан Республикасы Париж климаттық келісімі аясында 2060 жылға дейін көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу жөніндегі ұстанымын білдіріп, 1990 жылғы деңгеймен салыстырғанда парниктік газдар шығарындыларын 2030 жылға дейін 15%-ға қысқарту ниетін мәлімдеді.

Осы мақсатта елде шығарындыларға квота саудасы жүйесі, парниктік газдарды қысқарту және сіңіру жобалары, сондай-ақ «жасыл» инвестициялар нарығын дамыту сияқты нарықтық механизмдер кешені жүзеге асырылуда.

Қоғам климаттық өзгерістерге қарсы күрес пен парниктік газдар шығарындыларын азайтудағы жауапкершіліктің аса маңызды екенін түсінеді. Қоғам бастамашылдық таныта отырып, атмосфераға шығарындыларды азайту бойынша ерікті міндеттемелер қабылдайды және экологиялық жауапты іскерлік тәсілді ұстанады.

ҚР заңнамасына сәйкес, парниктік газдар шығарындыларына квоталау жүйесіне жататын Қоғам кәсіпорындары шығарындыларды түгендеуді жүргізеді. Бұл түгендеу тәуелсіз аккредиттелген ұйымның растауынан өтеді, бұл өз кезегінде деректердің ашықтығы мен дәлдігін қамтамасыз етеді. Score 1 шеңберіндегі тікелей шығарындыларға электр және жылу энергиясын өндіруге арналған қазандық агрегаттарда отын жағу мен көмір өндіру барысында пайда болатын шығарындылар жатады.

Сонымен қатар, Қоғам сыртқы энергия өндіруші ұйымдарда электр және жылу энергиясын тұтыну нәтижесінде пайда болатын Екінші деңгейдегі ПГ (Score 2) жанама шығарындыларын есептейді.

Score 2 аясындағы жанама шығарындылар Қоғам сыртқы энергия өндіруші ұйымдардан тұтынатын электр және жылу энергиясы нәтижесінде есептеледі. Есептеу «Самұрық-Энерго» АҚ тобы бойынша парниктік газдар мен офсеттік бірліктерді есептеу жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі және онда GHG Protocol Scope 2 Guidance ұсынымдары мен ҚР Экология,

	«Самұрық-Энерго» АҚ Климаттық корпоративтік басқару саясаты	1 редакция
		7 беттің 6 беті

геология және табиғи ресурстар вице-министрінің бұйрығымен бекітілген парниктік газдардың үлестік шығарындылары коэффициенттері негізге алынады.

2024 жылы Қоғам алғаш рет 2023 жылға арналған Интеграцияланған жылдық есеп аясында TCFD ұсынымдарына сәйкес ақпаратты жариялап, есептілік жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында халықаралық тәжірибелерді енгізуге ұмтылуда.

2023 жылдан бастап Қоғам климаттық CDP сауалнамасына жыл сайын қатысып, парниктік газдар мен су ресурстарын басқару жүйесі туралы деректерді халықаралық платформада жариялап отырады.

5. Жауапкершілікті бөлу және өзара іс-қимыл формалары

Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Даму стратегиясына сәйкес стратегиялық бағыттар мен міндеттерді, сондай-ақ Энергияға көшу бағдарламасына сәйкес Климаттық мақсаттарды белгілеуге, қол жеткізудегі прогресті қадағалауға жауапты болады, есеп беру арқылы Қоғамның өзінің Климаттық міндеттемелерін орындау барысы туралы хабардар етіледі және қажет болған жағдайда Қоғамның стратегияларын, сондай-ақ климаттық мақсаттар мен міндеттерді түзетеді.

Қоғам Басқармасы Климаттық міндеттемелерді және климаттық міндеттемелерге қол жеткізу жөніндегі аралық мақсаттарды іске асыруға және бағалауға жауапты болады, энергия көшу бағдарламасын орындау, Климаттық корпоративтік басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру, тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша жыл сайынғы есептер арқылы хабардар етіледі.

Қоғамда климатқа байланысты міндеттер тиімділіктің ағымдағы көрсеткіштерін орындау арқылы басшылық лауазымдарға жүктелген, құрылымдық бөлімшелер деңгейінде климат және климаттық корпоративтік басқару мәселелері бойынша жауапкершілік айқындалған.

Қоғамда Операциялық деңгейде қоғамның квоталанатын қондырғыларының ПГ шығарындыларына мониторинг жүргізіледі.

Климатқа байланысты мәселелердің мониторингі парниктік газдар шығарындыларын жыл сайын тексеру арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамда жыл сайын сыни тәуекелдердің тізбесі және оларды басқару жөніндегі тиісті процестер айқындалады және бекітіледі. Климаттық тәуекелдер сыни тізбеге айқындалған жағдайда, осы тәуекелдерді басқару жөніндегі ақпарат Қоғамның Директорлар кеңесіне тоқсан сайын беріледі.

Қоғамның және ЕТҰ-ның барлық қызметкерлері осы Саясат ережелерін білуге және оның орындалуына жауапты.

Осы Саясат талаптарының орындалуын бақылауды «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасы жүзеге асырады.

6. Нормативтік сілтемелер

	«Самұрық-Энерго» АҚ Климаттық корпоративтік басқару саясаты	1 редакция
		7 беттің 7 беті

№	Құжат атауы
1	Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі
2	Париж климаттық келісімі
3	Климаттың өзгеруі туралы ережелерді басқару жүйелеріне стандарттарды толықтыру туралы IAF/ISO бірлескен коммюникесі (2024)
4	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2034-2033 жылдарға арналған Даму стратегиясы
5	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының Корпоративтік менеджмент жүйесі саясаты
6	«Самұрық-Энерго» АҚ Тұрақты даму саласындағы басшылық
7	«Самұрық-Энерго» АҚ Энергетикалық ауысу бағдарламасы 2060 жылға дейін
8	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша парниктік газдар мен офсеттік бірліктерді есептеу жөніндегі нұсқаулық